

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы 27 тамыздағы  
№ 384 бұйрығына  
қосымша

**Зерттеушілер, мектеп және колледж мұғалімдерге арналған  
«Академиялық жазылым. Ғылыми мақаланы жазу» тақырыбындағы  
біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (72 сағат)**

**Бағдарлама авторы:**  
**Исалиева Сауле Темирбаевна –**  
э.ғ.м., педагогика және  
психология кафедрасының аға  
оқытушысы

Алматы, 2023

**Зерттеушілер, мектеп және колледж мұғалімдерге арналған  
«Академиялық жазылым. Ғылыми мақаланы жазу» тақырыбындағы  
біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (72 сағат)**

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Академиялық жазылым. Ғылыми мақаланы жазу» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама) зерттеушілер, мектеп және колледж мұғалімдерге арналған (72 сағат).

2. Бағдарлама академиялық жазба, білім берудегі қызметін ұйымдастыру, ақпарат көздерімен жұмыс жасау технологияларын зерделеу, ғылыми есептер мен мәтіндер дайындау, ғылыми мәтіндерді жобалау мәдениетін дамыту саласындағы құзыреттерді дамытуға бағытталған.

## **2. Глоссарий**

**Академиялық жазылым** – ғылыми еңбектердегі ойларды ықшам әрі қолжетімді түрде жеткізе білуді білдіретін ғылыми жұмыстарды беру стилі.

**Зерттеудің өзектілігі** – нақты мәселені, тапсырманы немесе мәселені шешу үшін оның қазіргі уақытта және белгілі бір жағдайда маңыздылық дәрежесі.

**Зерттеу аспектісі** – шындықты түсіну тәсілі, одан жеке аспектілерді, құбылыстарды, объектілерді арнайы зерттеуге бағындыру үшін оқшаулауға көмектесетін әдіс.

**Қорытынды** – жүргізілген ғылыми зерттеу материалдары нәтижесінде белгілі бір сала бойынша қысқаша және нақты тұжырымдалған қорытынды.

**Гипотеза** (грекше hypothesis – негіз, болжам) – құбылысты түсіндіру үшін алға қойылған және сенімді ғылыми теория болу үшін эксперименталды тексеруді және теориялық негіздеуді қажет ететін ғылыми болжам.

### **Ақпарат:**

шолу – ғылыми құжаттарға шолулардағы қосалқы ақпарат;

релеванттық – ғылыми мәселе прототипінің сипаттамасында қамтылған ақпарат;

реферативтік – бастапқы ғылыми құжаттарда қамтылған қосымша ақпарат;

сигналдық – алдын ала ескерту функциясын орындайтын, әртүрлі дәрежедегі құлау дәрежесіндегі қайталама ақпарат;

анықтамалық – кез келген білім саласы бойынша жүйеленген қысқаша ақпарат болып табылатын қосалқы ақпарат.

**Зерттеу әдісі** (грекше. methodos – бір нәрсеге апаратын жол) – мақсатқа жету жолы, шындықты ретке келтірудің белгілі бір тәсілі, жаңа объект немесе объект туралы ақпарат алу үшін осындай мәселелерді ұтымды шешу жолдары туралы ескі білімді қолдану тәсілі.

**Ғылым** – адам қызметінің саласы, оның қызметі шындық туралы объективті білімдерді дамыту және теориялық жүйелеу, қоғамдық сананың бір түрі.

**Ғылыми қызмет** – адам, табиғат, қоғам, жасанды түрде жасалған объектілер туралы жаңа білім алуға және оны пайдаланудың жаңа тәсілдерін әзірлеу үшін ғылыми білімді пайдалануға бағытталған шығармашылық әрекет.

**Ғылыми мақала** – ғылыми әдістерді қолдану арқылы жүргізілген зерттеудің негізгі нәтижелерін қамтитын жұмыс.

**Ғылыми зерттеу** – жаңа ғылыми білімдерді игеру процесі болып табылатын танымдық әрекет түрлерінің бірі. Бұл мақсатты таным, объектінің қасиеттері мен оның мінез-құлық заңдылықтарын анықтау үшін зерттеу объектісіне қатысты орындалатын логикалық конструкциялар мен эксперименттік операциялар кешені.

**Шолу** – бастапқы дереккөздерді талдау нәтижесінде алынған тақырып бойынша жүйеленген ғылыми деректерді қамтитын ғылыми құжат. Ғылыми мәселенің қазіргі жағдайымен және оның даму болашағымен таныстырады.

**Зерттеу объектісі** – зерттеуші білетін, зерттейтін және (немесе) түрлердіретін нақты дүниенің бөлігі. Бұл субъектінің объективті-практикалық және танымдық әрекеті бағытталған объективті шындықтағы нәрсе, ол оған түсініксіз, тікелей қолдануға жарамсыз нысанда кездеседі. Бір ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша бірнеше объектілер болуы мүмкін.

**Зерттеу (таным) пәні** – тәжірибеде жазылған және адамның практикалық іс-әрекеті процесіне кіретін, берілген шарттар мен жағдайларда белгілі бір мақсаттар зерттелетін объектілердің қасиеттері мен қатынастары.

**Проблема** – болашақ зерттеу саласын қамтитын тұжырымдалған ғылыми сұрақтардың үлкен жалпыланған жиынтығын.

**Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі** – кез келген жеткізгіште жазылған және пайдалануға арналған жаңа білімді немесе жаңа шешімдерді қамтитын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің объективтік нәтижесі.

### 3. Бағдарлама тақырыптары

Модульдер	Тақырыптары
1. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ	1.1. ҚР-да ғылым туралы заңдылық
	1.2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер
2. МАЗМҰНДЫҚ МОДУЛЬ	2.1. Ғылыми мәтін және академиялық жазылым
	2.2. Академиялық жазылым: процесс, өнім және тәжірибе
	2.3. Академиялық және ғылыми мәтіннің логикалық және синтаксистік мәселелері
	2.4. Тақырыпты таңдау. Ғылыми мақаланың

	мәселелерін негіздеу
	2.5. Теориялық (шолу) мақала жазу әдістемесі
	2.6. Эмпирикалық мақала жазу әдістемесі
3. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ	3.1. Жазбаша аударма рәсімдеуінің негізгі принциптері
	3.2. Қазақстан және халықаралық базаларында дереккөздерді іздеу әдістемесі (ҒЖБССҚК, Scopus, Web of Science)
	3.3. Библиографияның негізгі халықаралық стильдері
4. ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ	4.1. Халықаралық рецензияланатын журналға ғылыми мақаланың мәліметтерін рәсімдеу
	4.2. ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК журналға ғылыми мақаланың мәліметтерін рәсімдеу
	4.3. StrikePlagiarism. Turnitin. Antiplagiat.ru іздеу жүйелері
	4.4. Ғылыми мақаланы плагиатқа тексеру

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелері**

**Бағдарламаның мақсаты:** академиялық жазылым негіздерімен, ғылыми-зерттеу жұмысымен таныстыру, ғылыми мақала жазу дағдыларын дамыту.

##### **Бағдарлама міндеттері:**

- 1) академиялық жазылым және ғылыми зерттеулер негіздерімен танысу;
- 2) ғылыми мақаланың құрылымын зерттеу (теориялық, эмпирикалық);
- 3) мақаланы рәсімдеуге қойылатын негізгі талаптарды оқып үйрену.

##### **Оқытудың күтілетін нәтижелері.**

Курстық оқуды аяқтағаннан кейін курс тыңдаушылары:

- 1) академиялық жазылымның теориялық негіздері және ғылыми зерттеу әдістемесі туралы түсінік қалыптастыру;
- 2) ғылыми ақпарат дереккөздерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады;
- 3) ғылыми ақпаратты өңдеу дағдыларын меңгереді.

#### **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Білім беру бағдарламасы 4 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық модуль;
- 2) мазмұндық модуль;
- 3) технологиялық модуль;
- 4) вариативтік модуль.

**Модуль 1. Нормативтік-құқықтық.** Модульде ұсынылған дәріс тақырыптары тыңдаушыларға ғылым, ғылыми зерттеулер мен академиялық жазылымның негіздерін оқып үйренуге мүмкіндік береді.

**Модуль 2. Мазмұндық.** Модульде берілген тақырыптар тыңдаушыларға ғылыми және академиялық мәтін ұғымымен, академиялық жазылым формуласымен және академиялық мәтіннің негізгі мәселелерімен танысуға мүмкіндік береді. Тыңдаушылар тақырыпты таңдау әдістемесімен, теориялық және эмпирикалық мақаланың құрылымымен танысады, деректерді түсіндіру және ғылыми нәтижелерді ұсыну туралы білім алады.

**Модуль 3. Технологиялық.** Модульді оқу барысында тыңдаушылар ғылыми мақалаға қойылатын жалпы талаптармен танысады, ал практикалық сабақтар барысында дереккөздермен жұмыс істеу, ҒЖБССҚК журналдарынан, Scopus, Web of Science халықаралық мәліметтер базасынан іздеу дағдыларын дамытады. Тыңдаушылар библиографиялық рәсімдеуінің негізгі халықаралық стильдерін де меңгереді.

**Модуль 4. Вариативтік.** Практикалық сабақтарда тыңдаушылар ғылыми мақаланың реквизиттерін рәсімдеу тәртібімен және Antiplagiat.ru, StrikePlagiarism, Turnitin іздеу жүйелерімен танысады, игерілген дағдылар мен икемділіктерді бекітуге арналған тапсырмаларды орындайды.

Дөңгелек үстелде тыңдаушылар академиялық жазылымның өзекті мәселелерін талқылап, дайындалған ғылыми мақаланың презентациясын ұсынады.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

Курстар келесі режімде ұйымдастырылады:

1) бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарын сәйкес курс онлайн оқыту режимінде ұйымдастырылған;

2) оқу курсының ұзақтығы 72 сағат.

Білім беру үдерісі біліктілікті арттырудың белсенді сипатын қамтамасыз ететін оқыту әдістерін қамтиды: дәріс, практикалық сабақтар, тыңдаушылардың өзіндік жұмысы, дөңгелек үстел (сұрақ-жауап түріндегі WhatsApp желісінде қолдау көрсетумен). Қорытынды бақылау – халықаралық рецензияланған жірналда немесе ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК журналындағы мақала.

Оқу үрдісін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің даму деңгейін анықтау үшін өзіндік жұмыс және кіріс-шығыс сауалнамалар қарастырылады.

## **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

**«Академиялық жазылым. Ғылыми мақаланы жазу» курсының оқу-тақырыптық жоспары (72 сағат)**

№	Сабақ тақырыбы	Сағаттар						Барлығы
		Дерістер	Практикалық сабақтар	Өзіндік жұмыс	Дөңгелек үстел	Бақылау жұмысы	Тестілеу	
<b>1.</b>	<b>Модуль 1. Нормативтік-құқықтық</b>							
1.1.	ҚР-да ғылым туралы заңдылық	2						
1.2.	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер	2						
<b>2.</b>	<b>Модуль 2. Мазмұндық</b>							
2.1.	Ғылыми мәтін және академиялық жазылым	2		2				
2.2.	Академиялық жазылым: процесс, өнім және тәжірибе	2		2				
2.3.	Академиялық және ғылыми мәтіннің логикалық және синтаксистік мәселелері	2		2				
2.4.	Тақырыпты таңдау. Ғылыми мақаланың мәселелерін негіздеу	2		2				
2.5.	Теориялық (шолу) мақала жазу әдістемесі	2		2				
2.6.	Эмпирикалық мақала жазу әдістемесі	2		2				
<b>3.</b>	<b>Модуль 3. Технологиялық</b>							
3.1.	Жазбаша аударма рәсімдеуінің негізгі принциптері	2		2				
3.2.	Қазақстан және халықаралық базаларында дереккөздерді іздеу		2	6				

	әдістемесі (ҒЖБССҚК, Scopus, Web of Science)							
3.3.	Библиографияның негізгі халықаралық стильдері		2	4				
4.	<b>Модуль 4. Вариативтік</b>							
4.1.	Халықаралық рецензияланатын журналға ғылыми мақаланың мәліметтерін рәсімдеу		2	4				
4.2.	ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК журналға ғылыми мақаланың мәліметтерін рәсімдеу		2	4				
4.3.	StrikePlagiarism. Turnitin. Antiplagiat.ru іздеу жүйелері		2	4				
4.4.	Ғылыми мақаланы плагиатқа тексеру		2	4				
	<b>Қорытынды бақылау</b>				<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>6</b>
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>18</b>	<b>12</b>	<b>36</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>72</b>

Ескерту: Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес/ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы №249 бұйрығы).

## 8. Оқу нәтижелерін бағалау

Кәсіби құзыреттіліктердің даму деңгейін анықтау үшін тыңдаушылар өзіндік жұмысын орындайды және халықаралық рецензияланатын журналға немесе ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК журналына ғылыми мақаланы ұсынады.

Өзіндік жұмысты бағалау критерийлері:

Барлық тапсырмаларды бағалау бойынша қорытынды ең жоғары – 12 баллов: 0 – «дәлелдемелер ұсынылмады», 1 – «дәлелдемелер әлсіз», 2 – «дәлелдемелер күшті», 3 – «дәлелдемелер өте күшті».

№	Бағалау критерийлері	Баллдар				Қорытынды
		0	1	2	3	
1	<i>Сабақтың мақсаты:</i> - сабақтың мақсаттары оқу мақсаттарына					

	сәйкес келеді; - сабақтың мақсаттары пәннің ерекшелігіне бағытталған; - сабақ мақсаттары SMART форматында (нақты, көлемді, қолжетімді, нақты және сабақ барысында уақытына сәйкес) оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып әзірленеді					
2	<i>Белсенді оқыту әдістері:</i> - әдістерді таңдау еән бойынша тақырыптың мазмұнымен анықталады; - әдістер оқу мақсатына жетуге ықпал етеді; - әдістері оқушыларды оқуға тартуға бағытталған					
3	<i>Сараланым әдістері:</i> - оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес тапсырмалар сараланады; - сараланым әр түрлі жолдары жоспарланады (тапсырмалар, ресурстар, оқушыларды қолдау және т.б.); - сараланым әдістері әр оқушының мақсатына жетуіне көмектеседі					
4	<i>Критериалды бағалау:</i> - бағалау оқу мақсаттарына сәйкес келеді; - формативті бағалау оқуды қолдайды; - бағалау критерийлері қолданылады					
	<b>Қорытынды баллдар (max – 12 балл)</b>					

## 9. Курстан кейінгі қолдау

1 кезең – әртүрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, мессенджерлер, WhatsApp әлеуметтік желілері және т.б., Google қызметтері, Интернет-платформалары) пайдалана отырып, куратордың (дәріскердің) вебинар курсы өткізуі.

2 кезең – электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы пилоттық ұйымның тәжірибесін (тыңдаушылар құзыреттілігін) зерделеу. Оларды қажетті әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету, әдістемелік десанттарды жүргізу.

3 кезең - куратор (оқытушы) тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін қажетті қолдауды келесілер арқылы қамтамасыз етеді:

- семинарларда, дөңгелек үстелдерде (облыстық, аймақтық, республикалық, халықаралық деңгейдегі) баяндамалар;



- кәсіби байқауларға қатысу (облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі);
- сараптамалық топқа қатысу (жұмыстар және т.б.);
- ғылыми-әдістемелік мақалаларды облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында (жеке немесе бірлесіп жариялау).

## 10. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

### *Негізгі әдебиеттер:*

1. «Ғылым туралы» ҚР заңы. - 18.02.2011 ж. № 407-IV.
2. «МЖМББС бекіту туралы» ҚР ОМ бұйрығы. - 03.08.2022 жг. № 348.
3. Оспанов Е.Т. Академиялық жазылым: шағын эссе мен шағын зерттеу жұмыстарын жазу. – Алматы: ТОО «Лантар Трейд», 2019. – 164 б.
4. Мынбаева А.К. Организация и планирование научных исследований (в области педагогики и образования): магистратураға оқу құралы / А.К.Мынбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 300 б.
5. Пак М.С. Методология и методы научного исследования: Химия-педагогикалық білім беру магистранттарға оқу құралы. – М.: Лань, 2019. – 168 б.
6. Афанасьев В.В., Грибкова О.В., Уколова Л.И. Методология и методы научного исследования. – М.: Юрайт, 2020. – 154 б.
7. Короткина И.Б. Академическое письмо: процесс, продукт и практика: учебное пособие для вузов. – М.: Юрайт, 2020. – 295 б.

### *Қосымша әдебиеттер:*

1. Исалиева С.Т. Академическое письмо: Силлабус для студентов 4 курса. – Алматы: КазНПУ имени Абая. – 2023 г.
2. Силлабус «Методы научных исследований» (КОД МЕТ 3222). – 2021-2022 уч.г. – Алматы: Satbayev University, 2021. – 11 с. [Электронный ресурс]: URL: [https://official.satbayev.university/download/syllabus/0226493\\_1634107755.pdf/%20Research%20methods.pdf](https://official.satbayev.university/download/syllabus/0226493_1634107755.pdf/%20Research%20methods.pdf).
3. Исалиева С.Т. Как написать научную статью: Материалы вебинаров для участников международного конкурса НИР школьников и студентов «Zhas Zertteushi» (презентации).
4. Исалиева С.Т. Методология и методика научного исследования. Написание научной статьи: Материалы вебинаров для участников Первого международного конкурса НИР «Bilim zhane Bolashak» (презентации).
5. Scopus: халықаралық мәліметтер базасы [сайт]: URL: <https://www.scopus.com/home.uri>.
6. Web of Science: халықаралық мәліметтер базасы [сайт]: URL: <https://access.clarivate.com/login?app=wos&alternative=true&shibShireURL=http>

<s:%2F%2Fwww.webofknowledge.com%2F%3Fauth%3DShibboleth&shibReturnURL=https:%2F%2Fwww.webofknowledge.com%2F&roaming=true>.

7. Педагогика және психология: ғылыми-әдістемелік журнал [Сайт]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped>.

8. Абый атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Серия: Педагогикалық ғылымдар [Сайт]: URL: <https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped>.

9. Абый атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Серия: Психология [Сайт]: URL: <https://bulletin-psychology.kaznpu.kz/index.php/ped>.

10. Абый атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Серия: Физика-математикалық ғылымдар [Сайт]: URL: <https://bulletin-phmath.kaznpu.kz/index.php/ped>.

11. Абый атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Серия: Тарих және әлеуметтік-саяси ғылымдар [Сайт]: URL: <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped>.

12. Абый атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Серия: Әлеуметтік және саяси ғылымдар [Сайт]: URL: <https://bulletin-socpolit.kaznpu.kz/index.php/ped>.

13. Абый атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Серия: Филологиялық ғылымдар [Сайт]: URL: <https://bulletin-philology.kaznpu.kz/index.php/ped>.